ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 қазан №2301-23-00-2/1752 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облыстық Шәймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Ренат» - Ренат Қамбарұлы Ихсанов,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Д.Абдирова,
жауапкер Р.Қ.Ихсанов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 14 маусымда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №45 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап, 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 1 шілдеге дейін талап қоюшыға 9 970 теңгеге «Кеңсе жабдығына арналған А4 форматтағы қағаз, түсі – сұр, тығыздығы – 250г/м², 150 парақ, қағаздың түрі - жылтыр, лазерлік басып шығару үшін» түріндегі тауарды әкелуге міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талапты қуаттап, тауардың әлі күнге дейін жеткізілмегенін, жағымсыз салдардың бар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап арызда көрсетілген мән-жайды растап, теріске шығармады және дау бойынша шешім қабылдауды соттың қарауына қалдырды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 28 шілдеде жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 06.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 07.12.2023
2301-23-3-1/2016

Талап қоюшы «Атырау облыстық Шәймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Ренат» - Ренат Қамбарұлы Ихсановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ренат» - Ренат Қамбарұлы Ихсановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ренат» - Ренат Қамбарұлы Ихсановтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «07» желтоқсан 2023 жылы заңды күшіне енді.

Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 06.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 07.12.2023